

^{1*}Әлқожаева Н.С., ²Рысбекова Қ.

¹педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының профессор м.а.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы магистранты,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*e-mail:nursulu.algozhayeva@kaznu.kz

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТИҢ ОҚУШЫЛАРМЕН ЭТНОӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСЫ

Мақаланың мақсаты-мектептегі әлеуметтік педагогтің жұмысының ерекшеліктеріне сәйкес этноәлеуметтік тәрбие берудің мәні мен мазмұнын ашу. Тәрбиелік дәстүр-отандық білім берудің басым дәстүрлерінің бірі. Ол қоғамдық сананы жаңғырту арнасымен ерекше үндесіп жатады. Оқушыларды тәрбиелеудің басты міндеті-Отанға,туған ел мен туған жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, өз елінің патриоты болу, ана тілі мен дінді құрметтеу. Мұндай міндеттерді жүзеге асыру қазақ этнопедагогикасының негізінде халық педагогикасының құралдарын пайдалануда, ұлттық тәрбиеге жаңаша қарауға,сонымен қатар халықтық білім берудің үздік тәжірибесі мен дәстүрлерін практикада қолдануда мүмкін болады. Халықтың қолданбалы өнері, ұлттық құндылықтар мен дәстүрлер,ұлттық мәдениеттің тарихы жоғары сыныптардың бағыты бола алады. Мақалада 9-11сыныптарға арналған «Атамекен» бағдарламасының мысалдары беріледі. Бағдарламада шығармашылық бағыттағы 30 жұмыс кіріктірілген. Қорытындыда авторлар әлеуметтік педагогтің жұмысындағы педагогикалық құндылықтар мен баланың тұлғалық дамуы, топтық іс-әрекет,әлеуметтік құндылықтарды басшылыққа алудың қажеттігін атап көрсетеді.

Түйін сөздер: әлеуметтік педагог, этноәлеуметтік тәрбие, этнопедагогика, этномәдениет, этноәлеуметтану, ұлттық ойлау, ізгілік, ұлттық тәрбие, оқушы, тәрбие жұмысы

^{1*}Algozhaeva N., ²Rysbekova K.

¹Candidate of pedagogical sciences, associate professor, acting professor of chair of pedagogy and educational management, vice dean for academic affairs of the faculty of philosophy and politology of al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²master-degree student of the specialty «Social pedagogy and educational management» Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, *e-mail: nursulu.algozhayeva@kaznu.kz

Social Pedagogue's Ethnosocial Work with Pupils

The purpose of the paper is to reveal the essence and content of ethnosocial upbringing according to the features of social pedagogues' work in school. Nurturing tradition is one of the priority traditions of domestic education. It acquires a special sound in the channel of modernization of public consciousness. The important task of educating pupils is the formation of love to Motherland, the country, to become patriots of the country, to respect the native language and religion. The realization of such tasks is possible on the basis of the Kazakh ethnopädagogy, through the use of the means of folk pedagogy, giving a new meaning to the national upbringing, as well as through the use of the best practices and traditions of public education. The directions in the senior school can be – folk arts and crafts, national values and traditions, the history of national culture. The paper gives an example of «Atameken» program for the 9-11th grades of the school. The program integrates 30 creative areas of work. In conclusion, the authors emphasize the need for guidance in the work of the social pedagogue by pedagogical values – the child's personal development, a group of activities, social values.

Key words: social pedagogue, ethnosocial upbringing, ethnopädagogy, ethnoculture, ethnosociology, national thought, humanity, national nurturing, pupil, educational work.

^{1*}Алгожаева Н.С., ²Рысбекова К.

²кандидат педагогических наук, доцент, и.о. профессора кафедры педагогики и образовательного менеджмента Казахского национального университета имени аль-Фараби, заместитель декана факультета философии и политологии по научно-методической и воспитательной работе, Республика Казахстан, г. Алматы

²магистрант специальности «Самосоциальная педагогика и самопознание» Казахского национального университета имени аль-Фараби, Республика Казахстан, г. Алматы,
*e-mail: nursulu.algozhayeva@kaznu.kz

Этносоциальная работа социального педагога с учащимися

Цель статьи – раскрыть сущность и содержание этносоциального воспитания в соответствии с особенностями работы социальных педагогов в школе. Воспитательная традиция – одна из приоритетных традиций отечественного образования. Она приобретает особое звучание в русле модернизации общественного сознания. Важная задача воспитания школьников – формирование любви к Родине, стране и родной земле, стать патриотами своей страны, уважать родной язык и религию. Реализация таких задач возможна на основе казахской этнопедагогики, через использование средств народной педагогики, придание нового значения национальному воспитанию, а также через использование на практике лучшего опыта и традиций народного образования. Направлениями в старшей школе могут быть народное прикладное искусство, национальные ценности и традиции, история национальной культуры. В статье приводится пример программы «Атамекен» для 9-11 классов школы. Программа интегрирует 30 творческих направлений работы. В заключении авторы подчеркивают необходимость руководства в работе социального педагога педагогическими ценностями – личностного развития ребенка, группой деятельности, социальных ценностей.

Ключевые слова: социальный педагог, этносоциальное воспитание, этнопедагогика, этнокультура, этносоциология, национальное мышление, гуманность, национальное воспитание, ученик, воспитательная работа.

Кіріспе

Қазіргі таңда елімізде білімдендіру процесін дамытуда Мемлекеттік бағдарлама жасалған, оның негізгі міндеттері болып болашақ ұрпақтың бойында патриотизм, ұлттық сана, биік мәдениет, рухани адамгершілік қасиеттерді сіңіру. Бұл өз тұрғысында Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласында айқын көрініс тапты. Өз тұрғысында ол оқушыларға этнопедагогика тұрғысында білім беріп, патриотизмге тәрбиелеу әрекеттеріне нұсқау, сонымен қатар сұранысқа сай қажеттіліктерді айқындайтын бағдарлама деп тұжырым жасай аламыз. Осыған орай, тәрбие тұжырымдамасында да, тәрбиені ұйымдастырудың ұстанымдарында этникалық ұстаным, этникалық мәдениет арқылы жалпы ұлттық мәдениетіміздің жетілдірілуіне әсер ететін мәдениет ортасын құрайтын этноәлеуметтік орта қалыптастыруды, азаматтық келісім туралы да атап көрсетілген. Осыны негізге ала отырып, мектепте әлеуметтік педагогтар оқушыларға этноәлеуметтік, этнопедагогикалық тәрбие беру жұмысының мазмұнын қарастыруды жөн көрдік. Әрбір ұлттың, халықтың, адамдардың тарихи тұрғыда даму үдерісі, олардың тұрмысындағы, өміріндегі тәжірибелері, болашақтың және бала тәрбиесіне деген көзқарасының, сондай-ақ рухани деңгейі, мәдениеті, сан ғасырлық ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келген салт-дәстүрлерімізбен, әдет-ғұрпымызбен, наным-сенімдерімізбен ерек-

шеленеді және де педагогика тарихынан өзекті орын алады. Сонымен қатар, кез келген халықтың өмір сүру тарихында қол жеткізген құнды дүниелеріне рухани, адами қасиеттері жатады және ол өз ұрпағына үлгі бола алады. Демек, әрбір ұрпақ жалғаушылары үшін ұлттық тұрғыда тәрбие беру құнды мәнге ие болады. Себебі, бұл жерде тәрбиенің негізін ғасырлар бойы қалыптасып келген құнды рухани құндылықтар, биік ізгі қасиеттер тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан, адамның адами қасиетін нығайтып, әрі жетілдіре түсетін, халқымыздың даналық өмір салтынан туындап отыратын орындалуға тиісті ережелер мен қағидалар құрайды [1]. Білім алушыларға этноәлеуметтік тәрбие берудің басты міндеті де толеранттылыққа, адамгершілікке, руханилыққа, яғни адамдардың бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Қазірге талапқа сай жастар көп тілді меңгеруде, бұл өз кезегінде көптеген халықтың, ұлттың тарихын, дәстүрін, салтын білуге негіз бола алады деген тұжырым жасай аламыз. Олай болса, оқушыларға рухани тәрбие беруде тілді үйренудің, әсіресе өз ана тілін терең меңгерудің маңызы зор.

Зерттеу әдіснамасы мен әдістері

Зерттеу барысында теориялық әдістер, яғни: педагогикалық құбылыстарды талдау, әлеуметтік-педагогикалық зерттеу технологиялары көрініс

тапты. Жалпы зерттеудің қолдану сферасына байланысты салыстыру, талдау, синтездеу және т.б. әдістері орын алды. Кез келген әлеуметтік-педагогикалық жағдаяттарды және олардың міндеттерін шешу барысында нақты әдістер алынуы керек. Біздің жағдайда олар әлеуметтік-педагогикалық зерттеу әдістері, ол дегеніміз адам немесе топтың нақты мәселелерін шешуге бағытталған әдістер, яғни адамдардың мәселесін немесе жағдаяттан шығуды шешу әрбір адамның мүмкіншіліктеріне байланысты. Зерттеу әдістері мәселені (проблеманы) шешу барысында: дамуға бағытталу, түзелу, меңгеру, яғни қандай да бір мүмкіндіктерді жетілдіру, білім, білік, дағдыны қалпына келтіру сынды іс-әрекет бойынша анықталады. Нақты жағдаяттар бойынша зерттеу әдістерін қолдану, сонымен қатар, әлеуметтік-педагогикалық әрекет етуге бағытталуы және оны қандай түрде қолдану қажеттілігін ескеру керек дейді ғалымдар.

Мәселеге қатысты Черкесова П.С., (Этнокультурная среда как условие воспитания социальной компетентности подростков), Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б., Табылдиев Ә.Т., Балгабаева Г.С., Абитаева С.А., Қожахметова К.Ж., Әлқожаева Н.С. т.б. зерттеу жүргізген.

Ұлттық тәрбие дегеніміз адамдар өмірінің құнды, негізгі арқауы десек болады. Ол жалпы-адамзаттық мәдени, рухани құндылықтарды жоққа шығармайды, керісінше солармен үндестікте болады, яғни олар өзара бір-бірлерін толықтырып, құндылықтарын арттырып отырады, яғни, рухани бай адам дегеніміз ұлттық тәрбиеден терең нәр алған адам. Олай болса, ондай адам жалпыадамзаттық тұрғыдан алғанда мәдени және рухани құндылықтарды бойына жете сіңіреді, солайша ол толық бас әріптегі «Адам» дәрежесін иеленеді. Жалпы алғанда ұлттық менталитеттің өзін рухани қазына тұрғысынан қабылдай аламыз, халықтың тілі, мәдениеті және салт-дәстүрі мен наным-сенімі болсын – мұның бәрі де әрбір халық үшін қымбат, бағалы рухани дүниелер, оны этнопедагогика ғылымы қарастырады.

Ал этнопедагогика дегеніміз ұлттық тәрбиенің негізі, ұлттық тәрбие халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, рәміздері арқылы қалыптасатын ізгі қасиеттер, бұл екеуі адамдардың бойына дүниедегі құндылықтарды сіңіріп, арттыра береді. Этнопедагогика мен ұлттық тәрбиенің ел патриоттарын қалыптастыруда және ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тағлымдық тәрбиесін болашақ ұрпаққа жеткізуде атқаратын орны ерекше. Мұндағы патриотизм

дегеніміз – біріншіден, белгілі бір ұлттың өкіліне сүйіспеншілікпен қарау, толерантты болу, ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан құндылықтарды бойларына сіңіру. Педагог Мағжан Жұмабаев: «Тәрбиелеудегі мақсат – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару. ...Тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» [2] дей отырып, жастарды тәрбиелеу барысында ұлттық тәрбиені негізге алып тәрбиелеу қажет, сонда ғана адам ұлттық құндылықты бойына сіңіреді және рухани бай, өз заманына лайықты, елі, жері, Отаны үшін қызмет етуге дайын тұлға қалыптасады. Тек осындай тұлға ғана өзінің Отанға деген қатынасын ішкі, құнды сезім ретінде тұжырымдауға қабілетті. Сондықтан да, патриотизм тұлғаның құнды қасиеті ретінде биік даму деңгейін сипаттайтын аса маңызды рухани игілік ретінде қабылданады. Ұрпағымызды патриотизмге тәрбиелеу дегеніміз бұл тұлғаның, елдің, оның мәдениетінің бірегейлігі, әлеуметтің, халықтың әлеуметтік психологиясының ерекшеліктері толық көрініс табатын қоғамдық өмірді ұйымдастырудағы мәні мен мақсаттарын тұжырымдау арқылы жүйелі жетілдірілуі. «Патриотизм міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көрсетеді, өйткені, оның өзі еңбекте табыстарға жету үшін, қоғамға, ел жұртқа, халыққа қызмет ету үшін биік серпін болып табылады», дейді ақын, ғалым Ә.Т. Табылдиев [3].

Қай ұлт болса да оның ұлттық даму үдерісі, өзіндік әуені, ізгі қасиеті, сол ұлтқа тән болуы негізінде болашақ ұрпағының бейнелі келбетін қалыптастырады. Қазіргі таңда рухани құндылықтарымызды жаңғырту арқылы ұлттық тәрбиені, адамгершілік ізгі сапа қасиеттерді қалыптастыру маңызды міндеттерге айналып отыр. Әр ұлт өз ұрпағына ұлттық тәлім-тәрбие беру арқылы ғана ұлттық болмысын, бейнесін сақтап, дамыта алатыны белгілі. Әлеуметтік педагог әр оқушы бойынан осындай ізгі қасиеттер мен құндылықтарды сіңіру үшін түрлі жұмыстар атқаруы керек деп білеміз.

Қазақстандық педагогикалық әдебиеттерде рухани жаңғыру аясында ғылыми тұрғыда тереңірек талдау және оларды тәрбие проце-

сінде қуатты құралға айналдыру әлі де болса жеткіліксіз. Сонымен қатар, ғылыми-педагогикалық еңбектерді оқып-үйрену барысында білім берушілердің теориялық және практикалық тәжірибелерімен танысу, талдау мектепте оқыту процесінде ұлттық тәрбие құралдарын пайдалану көкейкесті мәселе екендігіне мән беріліп, ұлттық тәрбие құралдарының тәрбиелік мүмкіндіктері мен олардың мектептің оқу-тәрбие үдерісінде толығымен қолданылмауы арасында қайшылық бар екенін айқындап отыр.

Мектепке әлеуметтік педагог оқушыларға этноәлеуметтік тәрбие беруде олардың қоғам сұраныстарына сәйкестілігін ескеріп, түрлі ерекшелігін және этноәлеуметтік тәрбие принципіне негіздей отырып жұмыс жасауда.

Этностық мәдениеттің қайта пайда болуы жағдайында әлеуметтік педагог оқушылар назарын жас кезінен этноәлеуметтік рольдерге аударуы керек. Оқушы басқа адам алдындағы өз міндетін, жауапкершілігін бірте-бірте игере отырып, өзінің этноәлеуметтік ролінің мәнін түсіне бастайды. Этноәлеуметтік рольді тани отырып, бала бір жас кезеңнен екінші жас кезеңге өту барысында әр түрлі этноәлеуметтік рольдерді игереді. Бұл рольдердің этникалық тәрбие берудегі маңызы өте зор. Оларды әлеуметтену үдерісімен бірлікте жүзеге асыру керек. Оқушы әлеуметтену барысында белгілі рольдер атқарып, сол рольдер арқылы әлеуметтік ортада белгілі орын алады [4].

Ұлттық тәрбие – бесіктен басталады. Отбасындағы ата мен әженің, әке мен шешенің, апа-қарындас, аға-інінің бір-бірімен күнделікті өмірдегі қарым-қатынасы, мінез-құлқы – ұлттық тәрбиенің бастау бұлағы. Этностық тәрбие – жеке тұлғаның этноәлеуметтік тәрбие, рольдер жүйесін игеруін мақсатты түрде реттеу болып табылады.

Мектеп ұйымдарында оқушыларға этностық-мәдени тәрбие берудің келесі ерекшелігі мемлекеттік интеграция және этностық-мәдени сәйкестілік болып отыр.

Қазіргі қоғам дамуында және білім беру жүйесінде екі тенденция байқалады: саралау және кірігу. Этностық қатынастар саласында оларды бірлікте қарастыру этно-мәдени білім беру қажеттілігін тудырды. Педагогикалық үдерісте бұл тұжырымдаманы жүзеге асыру этностық сәйкестілікті мемлекеттік кірігумен бірлікте қалыптастыру мақсатына әкелді.

Мемлекеттік сәйкестілік (кірігу) – этно-мәдени білім берудің фундаменталды және стратегиялық мақсаты. Егер этностық сәйкестілікке

жеке және топтық түрде қысқа уақыт мерзімінде жетуге болса, мемлекеттік кіріуге жету – мемлекетте тұратын барлық этностардың күштерін талап ететін ұзақ процесс (ҚР этномәдени білім тұжырымдамасы).

Әлеуметтік педагогтің тәрбие жұмысы – оқушының әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз етуде оған жағдай туғызатын мұғалімдердің басшылығымен ұйымдастырылған сабақтың мақсатымен өзара байланысты болып келетін тәрбие жұмысының дербес түрі. Ол әртүрлі тәрбие әрекеттерінің жиынтығы ретінде оқушыға кең көлемде тәрбиелік ықпал ете алады. Біріншіден, оқушылардың сабақ барысында жан-жақты ұлттық құндылықтарды игеру қабілетін ашуға ықпал етеді.

Екіншіден, түрлі тәрбие жұмысының түрімен айналысу оқушылардың жеке әлеуметтік тәжірибесін жандандырып, жетілдіреді, оның адамзат құндылықтарына негізделген білімдерін байытып, қажетті практикалық іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады.

Үшіншіден, түрлі тәрбие жұмысы оқушыларда әрекеттің әртүріне қатысты қызығушылығының дамуына, оған белсенді қатысуға деген құлшынысын тәрбиелеуге нәтижелі ықпал етеді. Егерде оқушыларда ұлттық дәстүрлерге деген тұрақты қызығушылық және белгілі бір ұлттық дағды қалыптасқан болса, онда ол өз халқына деген сүйіспеншілігін, ұлттық салт дәстүріне, тіліне деген махаббатын одан әрі дамуына мол ықпал жасайды.

Адам баласы әу бастан өз ұрпағын өмірге, еңбекке икемдеп, тәрбиелеп келгені көпке аян. Бүгінгі қалыптасқан белгілі ғылыми-теориялық заңдары бар педагогика ғылымы өмірге келгенше де адамзат тәрбие ісімен айналысқан. Оның қағазға жазылып түспеген, бірақ халық жадында мәңгі сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа ғасырлар бойы ауызша нақыл-ақыл, өсиет-өнеге, қағида болып тарап келген білім-білік, тәлім-тәрбие беру тағлымдары бар. Ол халықтық педагогика деп аталады. Халықтық педагогика салт-дәстүр, жол-жора, ырымдар, тағам дайындау, қонақ күту рәсімдері мен ауыз әдебиеті үлгілері, ұлттық ою-өрнек, өнер түрлері, спорт ойындары арқылы отбасылық тәрбиеден басталып, ауыл-аймақ, ел-жұрт, ру-тайпа, қала берді бүкіл халықтық қарым-қатынастан берік орын алған тәлім-тәрбиенің түрі, адам мінезін, іс-әрекетін қалыптастырудың белгілі нормасы болып табылады. Олай болса, халық педагогикасы қоғам дамуының (алғашқы қауымдық қоғамнан бастап) белгілі сатыларынан өтіп, ғылыми педагогикалық

дәрежеге жеткенше ұрпақ тәрбиесінің бастау бұлағы, педагогикалық құралы болып, тәрбие жүйесінің қызметін атқарып келгенін байқаймыз. Яғни, осыдан келіп ғылыми педагогика мен халықтық педагогиканың тәрбие тәсілдеріндегі сабақтастығы, принциптік-идеялық үндестігі туындайды [5].

Халық педагогикасы – ұлттық қазына, рухани дүние. Ол – қазақ халқының сан ғасырдан бері атадан балаға өлмес мұра болып келе жатқан тәрбие жөніндегі жинақталған тәжірибесі. Бас тәрбиеші – халықтың өзі. Халықтың руханилық және адамгершілік тәрбие мұраттары негізіне алынған халықтық педагогиканың прогресшіл дәстүрлерін қайта өркендетуге ғана білім беру мен тәрбиелеу мазмұнын жанарту үрдісі айрықша мәнге ие бола алмақ. Бұл мақсат – мұраттарды орынды пайдалану жас ұрпақты туған жерге, еңбекке, сүйіспеншілікке және жауапкершілікке әр түрлі ұлттар мен ұлыстар өкілдерін құрметтеу және оларға да жақсылық тілеп, жасау, табиғатқа қамқорлықпен қарау рухында тәрбиелеуде нәтижеге жете алады.

Бүгінгі әлемдік аренаға жеткен ғылыми-педагогика халықтық педагогикадан бастау алып, оны ғылыми теориялар мен қағидалар тұрғысынан жан-жақты зерттеп, қарастырып, байытты және өз қажетіне жаратты. Осы қажеттіліктен келіп, халықтың эмпирикалық тәжірибесіне негізделген ұрпақ тәрбиелеу тағылымдары – халықтық педагогиканы ой елегінен өткізіп зерттеп, тәрбие мен оқу ісінің өзекті құралы етудің жолдарын және оның шығу, даму кезеңдерін өзіндік ерекшеліктерін, басқа ғылымдармен байланысын зерттейтін педагогиканың ғылыми бір саласы этнопедагогика пайда болды.

Этнопедагогика проблемаларының өзектілігі, ең алдымен адам өміріндегі халықтық тәрбиенің алатын ерекше маңызды рөлімен анықталады. Адам әлеуметтенуінің маңызды құралы бола отыра халықтық тәрбие балалар мен жасөспірімдерді қоғамда өмір сүрудің түрліше тәртіптеріне даярлайды [5].

Әрбір отбасының қалыптасқан әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі болады. Сонымен бірге жалпы қазақ отбасына тән ортақ дәстүрлер де бар. Оларға: жасы кішілер үлкендердің атын атамай, ата, әже, әпке, аға, әке деп сыйлап қарым-қатынас жасауы, сіз деп құрмет көрсетуі, сондай-ақ жасы кішілер үлкендердің, әсіресе, қариялардың алдын кесіп өтпеуі, отбасы мүшелерінің бірін-бірі ренжітпеуі, үлкеннің тілін кішінің алуы, елгезек, тілалғыш, қолғанат болу, ал отбасы үлкендерінің өзінен кішілерге қамқоршы, ақылшы болуы,

еңбекті үй ішінде жұмыла істеп, әрқайсысының өз шама шарқынша іс атқаруы.

Тәрбиедегі негізгі түп – тектілік, оның тамырын, өмір тұрғысын дұрыс қалыптастыру – ата-ананың негізгі міндеті. Ол міндетті дұрыс атқару үшін олардың өздері баласына өнеге болуы тиіс.

Қазақтар «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле», – дегендей халқымыздың бойына сіңген атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиесі өзге ұлттардан ерекшеленіп, өздеріне тән қасиеттерді көрсетіп тұратындығын жоққа шығара алмаймыз. «Балаң басқұр қалдырғанша, тозбас дәстүр қалдыр» – деген қазақ халқы озық жұрттардың санатында болашақ қамын қатты ойластырған [6].

Нәтижелер мен талқылау

Мектеп оқушыларына ұлттық, әлеуметтік тәрбие беру жұмыстары жан-жақты бағытта жүргізілуде. Жалпы білім беретін орта мектептің тәрбие жүйесі бірін-бірі толықтыратын, сабақтастыратын негізгі екі бөлімнен тұрады.

1-ші бөлім: Оқу, білім беру саласындағы тәрбие.

2-ші бөлім: Арнайы тәрбие.

Қазіргі кезде жаңа жасалып жатқан оқулықтар мен бағдарламада ескертетін жағдай – бастауыш буыннан бастап білім мазмұны, Қазақ халқының өмір тәжірибесі, салт-дәстүрі, шаруашылық жүргізу тәсілдері, рухани байлығы, саяси әлеуметтік, экономикалық ерекшелігін ескеру. Сонымен қатар, дүниежүзілік мәдениет, ғылым, техника жетістіктерін әлем халықтарының озат тәжірибесі мен дәстүрлерін пайдалану.

Бұдан былай мектептерімізде олардың мақсатына арнайы пәндер ендірілу көзделіп отыр. Олар:

Өнер және Әдеп (жоғарғы сынып оқушыларына арналған).

Ұлттық өнер мен әдеп жайында жүйелі білім беру. Өнердің әрбір саласының ішкі мазмұнын ашу, баланың жеке қабілеті мен дарынын ояту, шығармашылыққа, іскерлікке үйрету; халқымыздың ізгі қасиеттерін баланың бойына сіңіріп имандылық мінез-құлқын қалыптастыру.

Қазақ халқының салт-дәстүрі (барлық сыныпқа арналған).

Халқымыздың ұлттық ерекшелігін, психологиясын, дүниетанымын, ойын, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрлерін олардың санасына сіңіру арқылы халқымыздың ұрпақты тәрбие-

леудегі, әулет жалғастырудағы өмір тәжірибесінен түсінік беру.

Ұлттық мәдениет тарихы (10-11 сынып үшін).

Оқушылардың жас шамасын ескере отырып, қазақ халқының бай тарихынан (әдебиет, сәулет, бейнелеу, қолданбалы өнерлерді, спорт ойындары, ән-күй, тәлім-тәрбие тарихы т.б.) жүйелі мәлімет беру. Ұлттық санасын, азаматтығының негіздерін қалыптастыру.

Сонымен қатар қазақ мектептеріндегі ұлттық тәлім-тәрбие жұмысының бағдарламасын айтқанда әсіресе 9-11 сыныптарға арналған «Атамекен» бағдарламасының ролі ерекше. «АТАМЕКЕН» Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие процесінің өзіндік ұлттық айшық, ерекшеліктерін анықтайтын қазақ халқы педагогикасының тәлім-тәрбиелік принциптеріне негізделген ғылыми-педагогикалық және методикалық бағдарлама болып табылады.

Қызметі: «Атамекен» негізгі 30 шығармашылық бағыттан тұрады. Онда халықтың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, тарихы, этномәдениеті, этностық тілдері рухани игіліктерін қолдана отырып, балық ағарту-тәрбие процестерін кешенді (комплексті) түрде қарастырған.

Сонымен жалпы ойымызды жинақтай келе, Мағжан Жұмабаевтың айтып өткен, «...Бала аурулы, зағип болса, баладан емес, тәрбиешіден; бала тар ойлы, ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі деген философиялық тұжырымына мән беру керек деп ойлаймыз. Бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін мылқау жанды болса, бала айыпты емес, тәрбиеші жазалы. Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін» деген иран елінің мәтелі де өте орынды айтылған.

Қорытынды

Рухани-құнды қасиеттердің қалыптасуы, жастардың мінез-құлық тәртібінің де сапасын анықтайды. Оның рухани-адамгершілік тәрбиесіне әсер ететін факторлар мыналар – қоршаған ортасы, табиғат, дене еңбектерінің түрлері, экономикалық жағдайлар мен ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар. Олар жастардың мінез-құлқының, тәртібінің және қарым-қатынасы мен іс-әрекетінің өзгеруіне, адамгершілік жағынан қатаюына мүмкіндік жасайды. Басқаша айтқанда, оның қалыптасуына саяси, экономикалық, руханилық, адамгершіліктік факторлар мен биологиялық, физиологиялық факторлар да әсер етеді, ал оның мәні, нәтижесі рухани-адам-

гершілік құндылық сипатынан көрінеді. Негізінен рухани құндылықтар білім беру процесінде қалыптастырылады. Мұндағы білім беру – жалпы адамзаттық құндылық болып табылады. Алайда, білім беру жалпыадамзаттық құндылықтармен қатар индивидуалды-тұлғалық деңгейде әртүрлі дәрежеде танылады. «Адамның білімге қатынасы көбінесе қаншалықты марапаттау, бәрінен бұрын таза материалдық білім беру, қаншалықты өмір образына лайықты болуына байланысты. Барлық елде, қазіргі таңда білім беруде жеке тұлғалық құндылықтар көрініс табады. Басқа сөзбен айтқанда, білім беру – бұл тек «кадрларды дайындау емес, ол әрбір адам үшін қажетті құндылық». Адамның білім беруге қатынасы жеке тұлғалық құндылыққа және тұлғаның жалпы бағыттылығы, жеке тұлғаның құндылық шкаласы, білім берудің алдыңғы кезеңдерде оның жетістік тәжірибесіне әсер етеді [7].

Құндылық түсінігі адамзат әлемі мен қоғамында қолданылады. Адам жоқ жерде құндылық болуы мүмкін емес. Өмірдің әлеуметтік жағдайларының өзгеруіне байланысты және қоғамның, тұлғаның қажетінің артуына байланысты педагогикалық құндылықтар да арта түсуде. Педагогикалық құндылықтарды өзінің пайда болу деңгейіне қарай анықтауға болады. В.А. Сластенин педагогикалық құндылықтарды мынадай үш топқа бөледі: тұлғалық, топтық және әлеуметтік құндылықтар.

Әлеуметтік-педагогикалық құндылықтарға әр түрлі әлеуметтік жүйелердегі құндылықтар жатады. Олар білім беру сферасында қоғамның қызметін көрсететін идеялар жиынтығы, нормалар, ережелер, дәстүрлер.

Топтық-педагогикалық құндылықты нақтылы білім беру институттар көлеміндегі педагогикалық қызметке бағыттаушы және көрсетуші нормалар, концепциялар, идеялар түрінде қабылдауға болады. Мұндай құндылықтардың жиынтығы тұтастық сипатқа ие болады, сөйтіп, салыстырмалы түрде тұрақтылық пен қайталанушылыққа ие.

Тұлғалық-педагогикалық құндылық мұғалім тұлғасының мақсаты, мотиві, идеалы, міндеттері және басқа да дүниетанымдық сипаттары байқалатын әлеуметтік-психологиялық білім беру ретінде көрінеді [7].

Негізінен жеке тұлға әлеуметтік ортада және білімдендіру процесінде қалыптасады, адамда саналы психикалық қасиеттердің пайда болып, биологиялық сапалар әлеуметтік сапаға ауысады. Бұл тұрғыда

білімдендіру процесі субъективті қарым-қатынас жүйесі, яғни тұлғаның әлеуметтенуінің негізгі факторы мен реттеушісі болып табылады, демек тұлғаның әлеуметтік мәнін анықтайды және оның әлеуметтік жан иесі ретінде қалыптасуына жәрдемдеседі. Қарым-қатынас адамның тұлға ретіндегі жүйесін толықтырады. Осы параметр бойынша адам-

дар арасында салыстыру жүргізу елеулі айырмашылықтарды айқындайды. Бұл дегеніміз білімдендіру процесі субъект-субъектілі қарым-қатынасқа негізделеді дегенді білдіреді. Сөйтіп, этноәлеуметтік тәрбие беру қарым-қатынас негізінде жүзеге асырылады, демек оқушылар бір-бірлерімен, басқа адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйренулері керек.

Әдебиеттер

- 1 Қалиев С., Молдабеков Ж.Ж., Иманбекова Б.И. Этнопедагогика: оқулық. – Астана, 2007.
- 2 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1992.
- 3 Табылдиев Ә.Т. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы, 2001.
- 4 Балгабаева Г.С., Абиатаева С.А. Этностық-мәдени сәйкестілікті дамыту ерекшеліктері. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2004.
- 5 Қожахметова К.Ж. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. – Алматы, 1993.
- 6 Қалиұлы С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы, «Білім», 2003. – 280 б.
- 7 Әлқожаева Н.С. Қазіргі кездегі білім беру парадигмалары контекстінде тұлғаның рухани дүниесін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 156 б.

References

- 1 Kaliyev, S., Moldabekov, Zh.Zh., Imanbekova, B.I. (2007) Ethnopedagogy. Textbook. Astana
- 2 Zhumabayev, M. (1992) Pedagogy. Almaty
- 3 Tabyldiyev, A., (2001) Kazakh Ethopedagogy. Almaty
- 4 Balgabayeva, G., Abitayeva, S. (2004) Etnostyk-madeni saikestilikti damytu erekshelikteri. Karagandy: KarMU.
- 5 Kozhakhmetova, K. (1993.) Khalyktyk pedagogikany zertteudin keibir gylimi zhane teoriyalyk maseleleri. Almaty.
- 6 Kaliuli, S. (2003) Kazak ethnopedagogikasynyn teoriyalyk negizderi men tarikhy. (280). Almaty: Bilim.
- 7 Alkozhaeva, N. (2013) Kazirgi kezdegi bilim беру paradigmaları kontekstinde tulğanyng rukhani duniyesin kalyptastirudyn gylimi-pedagogikalyk negizderi. Monograph. (156). Almaty: Kazak University.